Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Сатып алудың нөмірі:	№ 18029613-1
Сатып алудың атауы:	Дамытушы ойыншықтар/ Развивающие игрушки
Лоттың нөмірі:	№ 88904071-ЗЦП1
Лоттың атауы:	Жанасу панелі
Лоттың сипаттауы:	дамытпалы
Лоттың қысқаша сипаттауы:	«Аспазшы» мамандығы
Саны, көлемі:	1
Өлшем бірлігі:	Дана
Жеткізу орны:	614633100, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам а.
Жеткізу мерзімі:	келісімшарт күшіне енген күннен бастап 15 күн ішінде.
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау:	ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА Жобаның түрі: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған сюжеттік-рөлдік ойын кешені. 1. Жалпы сипаттамасы «Аспаз» интерактивті дамытушы ойын кешені балалардың аспаз мамандығы туралы түсінігін қалыптастыруға, ас әзірлеу үдерісімен таныстыруға және сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған. Ойын кешені екі негізгі бөліктен тұрады: Интерактивті асүй тақтасы; Аспазшының көлемді бейнесі.2. Өлшемдері Интерактивті асүй тақтасының өлшемі: ені 1000 мм, биіктігі 620 мм. Аспазшы бейнесінің өлшемі: ені 540 мм, биіктігі 940 мм. 3. Интерактивті асүй тақтасының құрамы Тақта төмендегі ойын элементтерімен жабдықталуы тиіс: Асүй сағаты – уақытты анықтау және уақыт ұғымын меңгертуге арналған. Көкөністер мен азық-түлік өнімдерінің суретті карточкалары. Асүй ыдыстары – қазан, таба және басқа да ас дайындау құралдарының бейнелері. Газ плитасы – ас әзірлеу үдерісін ойын түрінде көрсетуге арналған. Пеш – тағам пісіру тақырыбындағы рөлдік ойын элементі. Асүй құралдары – қасық, шанышқы және басқа да аспаздық құралдар. Дайын тағамдардың бейнелері. Жууға арналған қолжуғыш пен су шүмегінің макеті. «Мәзір» тақтасы – балалардың тағам атауларын жазу және таңдау ойынына арналған. Тағам дайындау реттілігін үйрететін интерактивті жолақ. Айналмалы тісті механизмдер – қолмен қозғалтуға арналған ойын элементтері.Аспазшы бейнесі Кешен құрамында аспаз мамандығын бейнелейтін көлемді кейіпкер болуы тиіс. Кейіпкер аспаз киімінде, басында аспаз қалпағы, қолында тағам салынған қақпақты табақ ұстаған күйде орындалуы қажет. Кейіпкердің киімі мен сыртқы бейнесі балаларға арналған ашық, тартымды түстермен безендірілуі тиіс.Дидактикалық мақсаты Ойын кешені арқылы балалар: Аспаз мамандығымен танысады; Асүй құралдарының атауларын үйренеді; Көкөністер мен азық-түлік түрлерін ажыратады; Тағам дайындау реттілігін меңгереді; Сюжеттік-рөлдік ойындарға қатысады; Ұсақ моторикасын, логикалық ойлауын және сөйлеу қабілетін дамытады; Қарым-қатынас жасау және топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.6. Сапасына қойылатын талаптар Бұйым мектепке дейінгі жастағы балалардың пайдалануына бейімделуі тиіс. Өнім берік, сапалы және қауіпсіз материалдардан жасалуы қажет. Барлық бөлшектерінің шеттері тегіс, үшкір және өткір элементтерсіз болуы тиіс. Қозғалмалы бөлшектері қауіпсіз әрі қолмен пайдалануға ыңғайлы болуы қажет. Түстері қанық, суреттері анық және көрнекілігі жоғары болуы тиіс.

	Өнім санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуі қажет. Барлық элементтері сапалы бекітіліп, ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды болуы тиіс.7. Жинақтылығы Жеткізілім жиынтығына: 1 дана интерактивті асүй тақтасы; 1 дана аспазшының көлемді бейнесі; Суретте көрсетілген барлық ойын және интерактивті элементтер кіреді. Ескерту: Жеткізілетін тауар суретте көрсетілген дизайнына, құрылымына, өлшемдеріне және функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.7. Жинақтылығы Жеткізілім жиынтығына: 1 дана интерактивті асүй тақтасы; 1 дана аспазшының көлемді бейнесі;

Приложение 2
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров к конкурсной документации

Номер закупки:	№ 18029613-1
Наименование закупки:	Развивающие игрушки /Дамытушы ойыншықтар
Номер лота:	№ 88904071-ЗЦП1
Наименование лота:	Панель тактильная
Описание лота:	развивающая
Дополнительное описание лота:	«Аспазшы» мамандығы
Количество:	1
Единица измерения:	Штука
Места поставки:	614633100, Туркестанская область, Ордабасынский район, с.Бадам
Срок поставки:	15 календарных дней после подписания договора
Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров:	ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА Жобаның түрі: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған сюжеттік-рөлдік ойын кешені. 1. Жалпы сипаттамасы «Аспаз» интерактивті дамытушы ойын кешені балалардың аспаз мамандығы туралы түсінігін қалыптастыруға, ас әзірлеу үдерісімен таныстыруға және сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған. Ойын кешені екі негізгі бөліктен тұрады: Интерактивті асүй тақтасы; Аспазшының көлемді бейнесі.2. Өлшемдері Интерактивті асүй тақтасының өлшемі: ені 1000 мм, биіктігі 620 мм. Аспазшы бейнесінің өлшемі: ені 540 мм, биіктігі 940 мм. 3. Интерактивті асүй тақтасының құрамы Тақта төмендегі ойын элементтерімен жабдықталуы тиіс: Асүй сағаты – уақытты анықтау және уақыт ұғымын меңгертуге арналған. Көкөністер мен азық-түлік өнімдерінің суретті карточкалары. Асүй ыдыстары – қазан, таба және басқа да ас дайындау құралдарының бейнелері. Газ плитасы – ас әзірлеу үдерісін ойын түрінде көрсетуге арналған. Пеш – тағам пісіру тақырыбындағы рөлдік ойын элементі. Асүй құралдары – қасық, шанышқы және басқа да аспаздық құралдар. Дайын тағамдардың бейнелері. Жууға арналған қолжуғыш пен су шүмегінің макеті. «Мәзір» тақтасы – балалардың тағам атауларын жазу және таңдау ойынына арналған. Тағам дайындау реттілігін үйрететін интерактивті жолақ. Айналмалы тісті механизмдер – қолмен қозғалтуға арналған ойын элементтері.Аспазшы бейнесі Кешен құрамында аспаз мамандығын бейнелейтін көлемді кейіпкер болуы тиіс. Кейіпкер аспаз киімінде, басында аспаз қалпағы, қолында тағам салынған қақпақты табақ ұстаған күйде орындалуы қажет. Кейіпкердің киімі мен сыртқы бейнесі балаларға арналған ашық, тартымды түстермен безендірілуі тиіс.Дидактикалық мақсаты Ойын кешені арқылы балалар: Аспаз мамандығымен танысады; Асүй құралдарының атауларын үйренеді; Көкөністер мен азық-түлік түрлерін ажыратады; Тағам дайындау реттілігін меңгереді; Сюжеттік-рөлдік ойындарға қатысады; Ұсақ моторикасын, логикалық ойлауын және сөйлеу қабілетін дамытады; Қарым-қатынас жасау және топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.6. Сапасына қойылатын талаптар Бұйым мектепке дейінгі жастағы балалардың пайдалануына бейімделуі тиіс. Өнім берік, сапалы және қауіпсіз материалдардан жасалуы қажет. Барлық бөлшектерінің шеттері тегіс, үшкір және өткір элементтерсіз болуы тиіс. Қозғалмалы бөлшектері қауіпсіз әрі қолмен пайдалануға ыңғайлы болуы қажет.

	Түстері қанық, суреттері анық және көрнекілігі жоғары болуы тиіс. Өнім санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуі қажет. Барлық элементтері сапалы бекітіліп, ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды болуы тиіс.7. Жинақтылығы Жеткізілім жиынтығына: 1 дана интерактивті асүй тақтасы; 1 дана аспазшының көлемді бейнесі; Суретте көрсетілген барлық ойын және интерактивті элементтер кіреді. Ескерту: Жеткізілетін тауар суретте көрсетілген дизайнына, құрылымына, өлшемдеріне және функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.7. Жинақтылығы Жеткізілім жиынтығына: 1 дана интерактивті асүй тақтасы; 1 дана аспазшының көлемді бейнесі;